

Арнайы қаржы компаниясын ерікті қайта құруға немесе таратуға рұқсат алу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 15 сәуірдегі N 101 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 15 мамырда тіркелді. Тіркеу N 4231. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 234 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 234 (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 14-1) тармақшасына және "Секьюритилендіру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Арнайы қаржы компаниясын ерікті қайта құруға немесе таратуға рұқсат алу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Тоқобаев Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қ о л ғ а а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігіне, "Қазақстан тізілім ұстаушылар қауымдастығы" қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігіне және сауда-саттықты ұйымдастырушыға жіберсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

2. Уәкілетті органның арнайы қаржы компаниясын ерікті қайта құруды немесе таратуды жүргізуге рұқсат алу туралы өтінішке арнайы қаржы компаниясы жоғары органының оны ерікті қайта құру немесе тарату туралы шешімінің көшірмесі қоса беріледі.

3. Уәкілетті орган мына негіздердің кез келгені бойынша арнайы қаржы компаниясын ерікті қайта құруға немесе таратуға рұқсат беруден бас тартады:

1) уәкілетті орган бекіткен арнайы қаржы компаниясы облигацияларының барлық шығарылымдарын өтеу қорытындылары туралы есептің (есептердің) б о л м а у ы ;

2) арнайы қаржы компаниясы жоғары органының оны ерікті қайта құру немесе тарату туралы шешімінің болмауы;

3) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

4. Арнайы қаржы компаниясын ерікті қайта құруға немесе таратуға рұқсат алу туралы өтінішті уәкілетті орган өтініш келіп түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде қарайды.

Ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Ереженің талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган осы Ереженің Қосымшасына сай нысанда арнайы қаржы компаниясын ерікті қайта құруға немесе таратуға рұқсат береді.

Уәкілетті орган осы Ереженің 3-тармағында көзделген негіздер бойынша арнайы қаржы компаниясын ерікті қайта құруға немесе таратуға рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда, уәкілетті орган бас тартудың негіздемесін көрсете отырып бұл жөнінде арнайы қаржы компаниясын жазбаша х а б а р д а р е т е д і .

5. Уәкілетті органның арнайы қаржы компаниясын ерікті қайта құруға немесе таратуға рұқсатын алуға құжаттар қайталап ұсынылған жағдайда уәкілетті органның оларды қарау мерзімінің есептелуі жаңадан басталады.

6. Арнайы қаржы компаниясы уәкілетті органға ерікті қайта құруға немесе таратуға рұқсат алу үшін ұсынатын құжаттардың көшірмелері арнайы қаржы компаниясы бірінші басшысының қолымен және мөрімен бекітіледі.

Құжаттың парақ саны көп болған жағдайда оның әр парағы бекітіледі не құжат тігіліп, тігіс түйініне және ішінара параққа желімделген қағаз пломбамен бекітіледі. Бірінші басшының қолы және мөр таңбасы ішінара қағаз пломбаға, ішінара құжат парағына қойылуы тиіс.

7. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

Арнайы қаржы компаниясын
ерікті қайта құруға немесе

таратуға рұқсат алу
ережесіне қосымша
Арнайы қаржы компаниясын
ерікті қайта құруға
немесе таратуға рұқсат

(заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке
сәйкес арнайы қаржы компаниясының атауы)

(уәкілетті органның атауы)

арнайы қаржы компаниясын

(заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке
сәйкес арнайы қаржы компаниясының атауы)

(заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің
нөмірі, арнайы қаржы компаниясының заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу
(қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес орналасқан жері)

ерікті _____ рұқсат береді.

(қайта құруға немесе таратуға)

Уәкілетті органның
басшысы (басшының орынбасары)

(қолы)